

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» қамқоршылық кеңесі отырысының

№3 хаттамасы

Өткізілген күні: 28.11.2025 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау
2. Балабақшада жүргізілетін науқастандудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері емдәмбике Жумабисова Тазанұр Орынбасаровнамен бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Жумабисова Тазанұр Орынбасаровна балабақшада науқастандудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастандуы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәрумендітерапия С дәрумені кальциймен, қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Жанна Казиханова: балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын, - деді.

Ақбота Жусупова: балабақшадағы науқастанудың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының барлығына қанағаттанамын. дәрумендітерапия С дәрумені қыс мезгіліндегі вирусты аурулардың алдын алуға көмектеседі,-деді.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Даулетов Дархан Исатаевич қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;
2. Балабақшада тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті ұйымдастырылған деп есептелсін;

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:

Даулетов Д.И

Хатшы:

Нагишева Л.А

Мүшелері: Казиханова Ж.М

Нуркенова Н

Махамбетов Ж.Н

Жусупова А.М

Мусахан Р.Е

Жұрынбай Н